

Психологияның әлеуметтік және жаратылыстнау ғылымы ретіндегі өзіндік ерекшеліктері.

1. Психология және психика туралы жалпы түсінік.
2. Психологияның даму кезеңдері.
Психиканың ғылыми түсінігі.
3. Психиканың даму кезеңдері.
4. Физикалық, физиологиялық және психикалық бейнелеу.

Біз тіпті әлі дұрыс білмейміз, неге
адам күледі, тек қана адам, басқа
ешкім емес.

П. Севак.

Психологияның тарих алды
ұланғайыр, ал тарихы өте
қысқа.

Г.Эббингауз

Психологияның ғылым ретіндегі ерекшелігі.

1. Психология – біздің өзіміз туралы, біздің ішкі және рухани әлеміміз туралы ғылым.
2. Психология адамзатқа таныс, ең күрделі құбылыстар туралы ғылым.
3. Психология тұлғаның жеке даралық ерекшеліктерін, с.қ. барлық адамға тән психикалық сапасын оқытады.

Психологияның даму кезеңдері

- **1-ші кезең**

Психология жан туралы ғылым

Адамға таныс емес құбылыстарды жан арқылы түсіндіруге тырысты.

- **2-ші кезең**

Психология сана туралы ғылым

Ойлай алу, сезе алу қабілеттерін сана деп атады.

- **3-ші кезең**

Психология мінез-құлық туралы ғылым

Тек көруге болатындарды ғана бақылау.

- **4-ші кезең**

Психиканың заңдылықтары мен механизмдерін зерттейтін ғылым.

Материалистік көзқарас негізінде қалыптасты.

1 кезең (психология жан туралы ғылым). Психологияға мұндай анықтама осыдан 2000 жыл бұрын берілді. Көптеген жүзжылдықтар бойы, ХҮІІғ. дейін психология «жан туралы» ғылым болып келді.

- *«Жан психологиясын» ғылым деп атауға бола ма?*

2 кезең (психология сана туралы ғылым). ХҮІІ ғасырда жаратылыстану ғылымының дамуымен байланысты. Ойлай алу, сезе алу қабілетін сана деп атады.

- Зерттеудің негізгі әдісі адамның өзін-өзі бақылауы болды, яғни интроспекция («ішке үңілу») әдісі арқылы зерделеу болды.

Психологияның дамуының үшінші кезеңі ХХ ғасырдан басталады. Адам «басындағы» ойлар, сезімдер ағымын көру мүмкін емес екендігін байқаған көптеген ғалымдар ХХ ғасырдың басында мынандай қортындыға келді: психология ғылым ретінде қалыптасуы үшін көруіге мүмкін болатындарды ғана бақылауы керек. Нақтырақ айтсақ: адамның реакциясын, мінезін және іс-әрекетін (қылығын) бақылау. (Іс-әрекетті туғызушы мотивтер ескерілмеді)

• Бихевиоризм – мінез-құлық туралы ғылым.

Психология пәнінің осындай анықтамасымен келісуге бола ма?

Психологияның дамуының 4-ші кезеңі

Диалектикалық материализм философиясы көрсектендей, психика – ол жүйке жүйесінің қызметінен туындайды.

Ми және ЖЖ туындайтын физикалық-химиялық процестер – материалдық, ал психика материалдық емес, ол осы процестердің нәтижесі.

Психология психиканың
механизмдерін, заңдылықтарын
оқытатын ғылым

Яғни, психология адамның
психикасының пайда болу
заңдылықтарын, дамуын және
қалыптасуын оқытатын ғылым.

Психиканың дамуы бірнеше кезеңдерден өтті

- *Қарапайым сезімталдық*- бұл сатыда тек өкілдерінің инстинктері, яғни белгілі орта жағдайларына бейімделуінің тұрақ формалары қалыптасады.
- *Заттай қабылдау*. Бұл кезеңнің нәтижесі – дағдылар, яғни тек өкілінің жеке дара тәжірибесімен игерілген әрекет-қылық формасы.

- *Зат аралық байланыстарды бейнелеу, яғни интеллектуалды әрекет қылық- заттар арасындағы байланыс – қатынастарды бейнелеуші психикалық әрекеттердің күрделі формасы.*

Психика (ψ) – тіршілік дамуының белгілі бір сатысында тірі организм мен сыртқы ортаның өзара қатынасын білдіретін бейнелеудің айрықша түрі. Психиканың алғашқы ең қарапайым түрі жәндіктерге тән. Ал психиканың ең жоғары формасы - адамның санасы.

Психика дегеніміз - үнемі болып отыратын қозу мен тежелу сияқты физиологиялық процестердің ми қабығында жасалуы. Сыртқы заттар мен құбылыстардың әсері мида түйсіну, қабылдау, елес тудырып, олар адамның алуан-алуан ойлау әрекеттері арқылы қортылады.

Адам өзінің мақсат
мүдделеріне орай оларға
тітіркеніп икемделеді. Осы
жайттар психика адамның
өзін қоршаған сыртқы
ортамен қарым -
қатынасынан пайда болып
отыратын күрделі бейнелеу
процесі екенін көрсетеді.

Бейнелеудің келесідей формаларын атап өтеміз

- *Физикалық бейнелеу* – мысалы, жарық пен түсті бейнелеу.
- *Физиологиялық бейнелеу* – тірі материяның қызметі. Бұны тітіркенгіштік д.а., яғни ағзаның сыртқы орта тіріркендіргіштеріне жауап қайтара алуы.

Психикалық бейнелеу -

Эволюцияның ең жоғары деңгейінде және бас ми жасушаларының дифференциалды дамуы кезінде пайда болады.

Бейнлеу ми қабаты жықпылдарында адамның жас мөлшері, білім, дағды, икемі, тәжірибесіне орай түрлі деңгейде көрініп отырады.

Адам психикасының құрылымы:

Психикалық процестер

A large, hollow, downward-pointing arrow with a yellow outline, centered between the first and second text boxes.

Психикалық кейіп

A large, hollow, downward-pointing arrow with a yellow outline, centered between the second and third text boxes.

Психикалық қасиеттер

Назарларыңызға рахмет!